

Торыбаева Ж.З.^{1*}, Тусеев М.У.², Лауланбеков А.Б.³

¹Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті

²Орта Азиялық Инновациялық университеті

³М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

БІЛІМДІК ОРТАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН САЛАУАТТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда психологиялық қауіпсіздік пен салауатты ортаны қамтамасыз ету мәселесі авторларға оны психологиялық-педагогикалық бағыттағы болашақ мамандарды даярлау барысында волонтерлік қызмет аспектісінде зерттеуге мүмкіндік берді.

Мақалада волонтерлік қызметтің психологиялық аспектілері: жеке қажетіліктері мен түрткілері, қызығушылықтары мен мотивациясы жоғары оқу орнында оқу кезінде педагог-психологтың тұлғалық сапалары дамуының маңызды факторы ретінде көрсетілген. Зерттеу әдістемесі қауіпсіз және денсаулықты сақтайтын ортаны қамтамасыз ету тұрғысынан еріктілер тәжірибесінің әлеуетін зерттеуді қамтиды. Жұмыста Ясауи атындағы ХҚТУ, М. Әуезов атындағы ОҚМУ және Орта Азиялық Инновациялық университетінің психологиялық-педагогикалық бағытта білім алып жатқан студенттері арасында жүргізілген эмпирикалық зерттеу деректері келтірілген.

Авторлар зерттеу барысында алған нәтижелерге сүйене отырып білімдік ортаның денсаулықты сақтайтын кеңістігін қамтамасыз ету мақсатында студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған «Волонтерлік қызмет қауіпсіз және салауатты ортаны қамтамасыз ету құралы ретінде» атты элективті курс бағдарламасын әзірледі.

Зерттелетін бағыт тұрғысынан волонтерлік жұмыстың табыстылығы аймақтық ерекшеліктер мен сұраныстарды ескеруді; білімдік ортаның психологиялық қауіпсіздігін диагностикалау бойынша студенттердің дағдыларын тәжірибеде пысықтауды; білім беру мекемелерінде қауіпсіздікті, қолайлы денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету тұрғысынан волонтерлік көмекті іске асыру бойынша ғылыми сүйемелдеуді талап етеді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері мен жасалған тұжырымдар психологиялық-педагогикалық бағыттағы болашақ мамандарды даярлау процесінде жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының практикалық қызметінде пайдалануы мүмкін.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғарғы білім министрлігі қаржыландыратын АР19679648 «Жаңа Қазақстан жастарын салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге волонтерлік іс-әрекетті ұйымдастыру» атты ғылыми жобасы шеңберінде қаржыландырылады.

Түйінді сөздер: психологиялық қауіпсіздік, орта, педагог-психолог, тұлға, денсаулық, волонтерлік, қызмет

Ж.З. Торыбаева¹, М.У. Тусеев², А.Б. Лауланбеков³

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова

²Центрально-Азиатский Инновационный университет

³Южно-Казахстанский университет имени М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОРГАНИЗАЦИИ ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОЙ И ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩЕЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

Аннотация

Актуальность и социальная значимость проблемы обеспечения психологической безопасной и здоровьесберегающей среды позволили авторам исследовать ее в аспекте подготовки будущих специалистов психолого-педагогического направления к волонтерской деятельности. В статье освещены психологические аспекты волонтерства: потребности, интересы, ценности и мотивация к этой деятельности как важного фактора развития личностных качеств педагога-психолога в период обучения в вузе. Методология исследования включала исследование потенциала волонтерской практики в ракурсе обеспечения безопасной и здоровьесберегающей среды. Приведены данные эмпирического исследования, проведенного в рамках проекта среди студентов психолого-педагогического направления МКТУ имени Ясауи, ЮКГУ имени М.Ауезова и Центрально-Азиатского инновационного университета.

Авторы, опираясь на полученные результаты и выводы, разработали программу элективного курса «Волонтерская деятельность как средство обеспечения безопасной и здоровьесберегающей среды» который нацелен на выработку профессиональных компетенций студентов по обеспечению психологической безопасности и здоровья учащихся.

Успешность волонтерской работы в ракурсе исследуемого направления требует учета региональных особенностей и запросов; практической отработкой у студентов навыков диагностирования психологической безопасности образовательной среды; научного сопровождения по реализации волонтерской помощи в ракурсе обеспечение психологической безопасности, комфортной и здоровой среды в образовательных учреждениях.

Результаты проведенной работы и полученные выводы могут быть полезны в практической деятельности высших и средних профессиональных учебных заведений в процессе подготовки будущих специалистов психолого-педагогического направления. Статья финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования в рамках проекта АР 19679648 «Организация волонтерской деятельности по обеспечению безопасной образовательной среды в ракурсе здорового образа жизни молодежи Нового Казахстана».

Ключевые слова: психологическая безопасность, среда, педагог-психолог, личность, здоровье, волонтерство, деятельность

J.Z. Torybayeva¹, M.U. Tusseyev², A.B. Laulanbekov³

¹South-Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov

²Central Asian Innovation University

³M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF ORGANIZING VOLUNTEER ACTIVITI TO PROVIDE A SAFE AND HEALTH-SAVING EDUCATIONAL ENVIRONMENT

Abstract

The relevance and social significance of this issue have allowed the authors to explore it from the perspective of preparing future specialists in the field of psychology and pedagogy. The article presents the psychological aspects of volunteer activity as an important factor in the personal development of a

teacher-psychologist during their studies at a university. The research methodology included a study of the potential of volunteer practice in terms of ensuring a safe and health-preserving environment. Empirical data from a study conducted as part of a project involving students from the psychological-pedagogical departments of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, M. Auezov South Kazakhstan State University, and the Central Asian Innovation University are presented.

Based on the results and conclusions of this study, the authors developed an elective course program titled "Volunteer Activities as a Means of Ensuring a Safe and Health-Promoting Environment," aimed at improving students' professional competencies in ensuring the psychological safety and health-preserving educational space in schools. The success of volunteer work in this area requires consideration of regional characteristics and needs, practical training for students in diagnosing the state of the educational environment, and scientific support for the development of collective and individual projects focused on ensuring safety and a comfortable, health-enhancing environment in educational institutions.

The results and findings of this research can be useful for higher and secondary professional educational institutions in the process of training future specialists in psychology and pedagogy. This article is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education under the project AP 19679648, "Organization of volunteer activities to ensure safe educational environment in the perspective of healthy lifestyle for New Kazakhstani youth".

Keywords: psychological safety, environment, teacher-psychologist, personality, health, volunteer, activity

КІРІСПЕ. Қалыптасқан жағдайлар, экологияның қазіргі жағдайы, COVID-19 пандемиясының салдары, білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды кеңінен қолдану, жастарды салауатты өмір салтына баулу, өзекті мәселе шеңберінде волонтерлер қызметінің ресурстарын пайдалану мақсатында психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етудің теориялық-әдіснамалық негіздерін әзірлеудің өзекті екендігіне сендіреді.

Жастардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын сақтаудың кепілі болып табылатын қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету – бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі және маңызды басымдығы болып табылады, өйткені бұл елдің әл-ауқатының және оның жаһандық танылуының кепілі болып табылатын еліміздің әлеуметтік прогресінің жалпы динамикасы, оның интеллектуалдық әлеуетінің дамуы көп жағдайда өзекті мәселенің шешілуіне және оның әлемдік мойындалуына байланысты [1].

ЖОО-да оқу кезеңі жеке тұлғаның қалыптасуындағы шешуші кезеңі болып табылатыны даусыз, өйткені осы кезеңде орын алған маңызды оқиғалар мен студенттің өз бетінше қабылдаған шешімдері оның өміріне де, кәсіби деңгейіне де айтарлықтай әсер етеді.

Айта кетейік, ғылыми әдебиеттерде білім беру ортасы - бұл жеке тұлғаның қажеттіліктерінің жиынтығын қанағаттандыру және осы қажеттіліктерді өмірлік құндылықтарға айналдыру үшін жағдайлардың, әсерлердің және мүмкіндіктердің педагогикалық ұйымдастырылған ортасы ретінде түсініледі, бұл білім алушылардың білім беру процесінде белсенді өмірлік ұстанымын, олардың жеке дамуын, кәсіби қалыптасуын және өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді [2;3].

ЖОО-да оқу кезеңі тұлғааралық қарым-қатынас мәселесімен байланысты, өйткені бұл әлеуметтік ортаға белсенді ену кезеңі, ол көбінесе топта танылу мен беделге ие болуға бағытталған әрекеттермен бірге жүреді. Сонымен қатар, құрдастар арасында өз орнын алуға тырысу әрекеті көбінесе қауіпті мінез-құлықпен байланысты [4;5].

Осыдан-ақ денсаулықты сақтау және нығайту, студенттерді салауатты өмір салтына баулу мәселесі аса маңызды болып отырғаны белгілі болып тұр. Осы жаста жастар өздерінің ресурстарының (физикалық, психикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық және т.б.) сарқылмайтындығына сенімді екенін ескеру керек, сондықтан олар өз денсаулығына мән бермейді. Нәтижесінде, студенттер шаршау, эмоционалдық күй, жеке мазасыздықтың күшеюінен туындаған дене

функциялары мен денсаулық көрсеткіштерінде әртүрлі өзгерістер мен патологияларды сезінеді. Бұл өз кезегінде студенттерде әртүрлі созылмалы аурулардың өсуіне, психикалық дамудың бұзылуына және жүйке күйзелістеріне әкеліп соғады.

Демек, мәселені шешу жолдарын іздеудегі ең маңызды бағыт – бұл жалпы парадигманы өзгерту болып табылады: тар бағдардан салауатты өмір салтын насихаттауға және жеке денсаулықты сақтауға көшу, студент жастармен жұмыс істеудің заманауи әдістерін қолдану, атап айтқанда, өз денсаулығын бағалау және қауіпсіз және салауатты өмір салты мен жеке тұлғаның мінез-құлқын саналы түрде таңдау үшін қажетті өмірлік құндылықтарды, құзыреттерді түсінуді қамтамасыз ететін еріктілер қызметін ұйымдастыру [6].

Волонтерлік (voluntarius – латын тілінен аударғанда ерікті дегенді білдіреді) - бұл ақшалай сыйақыға сүйенбей, адамдардың игілігі үшін ерікті түрде жүзеге асырылатын қызмет. Эмпирикалық фактілерді талдау бүгінгі таңда волонтерлік халықтың әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтарының өкілдеріне қажетті көмек пен әлеуметтік қолдау көрсетудің нақты тәсілі екенін көрсетеді [7].

Ұсынылған мақала ғылыми жоба аясында дайындалды, оның мақсаты кәсіптік білім беру жүйесінде психологиялық қауіпсіз және денсаулықты сақтау білім беру ортасын қамтамасыз ету шеңберінде волонтерлік қызметті ұйымдастыру механизмдерін және психологиялық аспектілерін зерттеу болып табылады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕР МЕН МАТЕРИАЛДАР

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Эмпирикалық – бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу, модельдеу, сұхбат алу, тәуелсіз сипаттамаларды қорыту, ЖОО педагогтарының озық тәжірибесін зерделеу мен талдау, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу мен ЖОО құжаттарын зерттеу;

Диагностикалық - білім беру ортасы мен жастардың салауатты өмір салтын қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде студенттердің волонтерлік қызметін ұйымдастыру процесін зерделеу мақсатында, педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және жүргізу. Сонымен ЖОО оқытушыларының, эдвайзерлері мен кураторларының ғылыми-әдістемелік есептерін, презентацияларын, жарияланымдарын, баяндамаларын және оқу-тәрбие құжаттамаларын, белсенді жастармен, қоғамдық құрылымдармен, оның ішінде салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтарымен, дене шынықтыру-спорт және медициналық мекемелермен жұмыс нысандары мен әдістерін зерделеу.

Статистикалық әдістер - зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Бастапқы ақпаратты жинау әдістері - зерттеу әдістемесі болашақ педагог-психологтарды қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету үшін волонтерлік жұмысқа дайындау мәселесі бойынша теориялық дереккөздерге шолуды қамтыды, яғни аталмыш мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу және талдау: атақты ғалымдар Ж.И. Намазбаева, Н.С. Ахтаева, И.А.Баева, И.В.Хухлаева, Р.Mullen, A.Reid, B.Jensen және т.б. еңбектерін зерделеу мен талдау. Сонымен қатар, жоба аясында Ясауи атындағы ХҚТУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ және Орталық Азиялық Инновациялық университетінің психологиялық-педагогикалық бағытта білім алып жатқан студенттер (зерттеу жұмысына 78 білімгер тартылды) арасында жүргізілген сауалнама мен сұхбаттасу барысында эмпирикалық зерттеу деректерін өңдеу, сараптау және нәтижелерін тұжырымдау.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Бүгінгі таңда "салауатты өмір салты" ұғымының мазмұны жеке тұлғаның мінез-құлқын сәйкестендіру арқылы денсаулықты басқару ретінде түсіндіріледі. Қызметтің бұл саласы жас студенттермен жұмыс істеудің заманауи нысандары мен әдістерін қолдану арқылы ЖОО педагогтарының кәсіби қызығушылықтары мен құзыреттілігі аясында болуы керектігі сөзсіз.

Білім беру ортасы адамның өмір сүру ортасының құрамдас бөлігі болып табылады, ал психологиялық қауіпсіздік оның маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады, ол

студенттер мен ЖОО оқытушыларының өзара әрекеттесуінде маңызды мәселеге айналады, бұл зерттеу деректерімен расталады (И.А.Баева, 2001).

Бұл ретте, оқушы жастар үшін микроортаның маңызды құрамдас бөлігі білім беру ортасы болып табылатындығын ескеру қажет, оның маңызды және мәнді сипаттамалары психологиялық әл-ауқат және жеке басының қауіпсіздігі сияқты көрсеткіштер болып табылады.

Соңғы жылдары білім беру қатынастарының субъектілері арасындағы шиеленіс пен қақтығыстар күшейді. Әлемдегі және белгілі бір аймақтардағы қолайсыз экономикалық және әлеуметтік жағдайлар нақты және виртуалды кеңістікте мазасызданудың және агрессияның күшеюіне әкелді, бұл студенттердің психологиялық әл-ауқатына, қауіпсіздігі мен жайлылығына қауіп төндіреді [8].

Әрине, білім беру ортасында қауіпсіз және қолайлы жағдайды қамтамасыз ету барлық педагогтардың іс-әрекетінің мазмұнына кіреді, бірақ бұл өзекті мәселені шешуде педагог-психологтың рөлі ерекше [9]. Өйткені, тұлғаның психологиялық денсаулығының бұзылуының алдын-алудың тиімділігі және салауатты өмір салтын саналы түрде таңдауға жағдай жасау педагог-психологқа байланысты.

Біз өз жұмысымызда волонтерлік деген ұғымды қолданамыз, ол ерікті студенттердің өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектесу және өзара көмек көрсетуді ұйымдастыруға бағытталған практикалық қызметін білдіреді. Мысалы, қарттар мен науқастар, әртүрлі жастағы және жыныстағы мүгедектер, жетім балалар, мінез-құлқы девиантты жасөспірімдер, өмірлік қиын жағдайға тап болған студенттер немесе табиғи апаттар немесе әлеуметтік қақтығыстар салдарынан зардап шеккендер. Кез келген адам өмірлік қиын жағдайға тап болуы мүмкін болғандықтан, қызмет міндеті бойынша адамдарға көмек көрсетуге шақырылған мамандарды кәсіби даярлаумен қатар, еріктілікті оның мамандығына қарамастан адамға әлеуметтік қызмет көрсету тәсілі ретінде дамыту маңызды. [10].

Бұл ретте, біз педагогикалық бейіндегі мамандарды, әсіресе педагог-психологтарды кәсіби даярлауды ұйымдастыру кезінде олардың әлеуметтік жетілуін қалыптастыру және әлеуметтік белсенділігін көрсету үшін жағдай жасау қажет деп санаймыз. Қиын өмірлік жағдайға тап болған баланың немесе ересек адамның өмірі мен денсаулығы көбінесе осы мамандардың жауапты кәсіби шешімдеріне байланысты. Ал балалық шақты әлеуметтік қорғау және отбасына көмек көрсету саласындағы тиімді, бейресми, нәтижелі кәсіби көмекті тек әлеуметтік жағынан жетілген маман ғана көрсете алады. Еріктілер қозғалысына қатысу студенттерге осындай іс-әрекетте тәжірибе жинақтауға көмектеседі. Себебі, волонтерлік қызмет студентке стандартты емес жағдайда өзін көрсетуге, өз дағдыларын сынауға, қызметтің әртүрлі салаларында құзыреттіліктерін дамытуға, болашақ кәсіби мансабын дамыту үшін қажетті тәжірибе жинауға мүмкіндік береді [11].

Сонымен қатар, зерттеу барысында алған деректер студенттердің волонтерлік жобаларға қатысуын анықтайтын таңдаудың әртүрлі себептерін көрсетеді.

Мәселен, 23,5%-ы волонтерлік жобаларда «әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау тәжірибесін алу үшін» жұмыс істейтінін атап өтті; студенттердің 10,3%-ы «танысу үшін және әртүрлі өмірлік жағдайлардың ерекшеліктерін зерттеу үшін» деп көрсетті; білімгерлердің 14,7%-ы «қиын және проблемалық жағдайлардың туындау себептерін анықтау үшін» деп жауап берген болатын, 25,1%-ы болса «арнайы дағдылар мен білімді дамыту мақсатында» деп көрсетті; студенттердің 26,4%-ы «іскерлік байланыстар мен жеке байланыстар орнату үшін» деп жауап берген. Яғни, алынған нәтижелер сауалнамаға қатысқан студенттердің жартысынан көбі жаңа білім беру және кәсіби тәжірибе жинақтау және іскерлік байланыстарды орнату мақсатында волонтерлік жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысатынын көрсетті.

Десекте жүргізілген зерттеу нәтижелері бізге еріктілер қызметі аясында жүзеге асырылатын студенттердің негізгі қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Атап айтатын болсақ, 19,4%-ы өз жауабында «басқа адамға қажет болу» қажеттілігін таңдады. Бұл студенттер үшін маңызды мотив: «Мен өте қажетпін, мен басқа адамдарға керекпін; олар мені пайдалы деп санайды».

Мұндай әсерленулер өзін-өзі анықтайтын тұлға үшін сөзсіз құндылыққа ие; білімгерлердің 22,5%-ы болса қарым-қатынас қажеттілігін атап өтті, өйткені жастардың волонтерлік іс-шаралары мен жобаларының көпшілігі еріктілер тобы ұйымдастыратын бұқаралық іс-шаралар болғандықтан, студенттер пікірлес адамдармен жұмыс істеуге қызығушылық танытады, олардың «байланыс шеңбері кеңейеді»; респонденттердің 25,8%-ы өзін-өзі жүзеге асыру және мансап құру қажеттілігін атап өтті, өйткені, олар еріктілер қызметіне қатысу студенттерге іскерлік және жеке байланыстар орнатуға, сондай-ақ студенттік ортада және оқытушылар арасында "құрметке" ие болуға мүмкіндік береді деп санайды. Сонымен қатар, волонтерлік қызмет адамның ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерін көрсетуге және дамытуға ықпал етеді. 12,5%-ы жеке және кәсіби мәселелерді сәтті шешуді қамтамасыз ететін әлеуметтік тәжірибе жинақтау қажеттілігін атап өтті. Демек, волонтерлік іс-шараларға қатысу білімгерлерге әртүрлі әлеуметтік мәселелерді «айқындау және анықтау» тәжірибесін қалыптастыруға, олардың себептерін анықтау қабілетін дамытуға, сонымен қатар рефлексия қабілетін дамытуға мүмкіндік береді; студенттердің 18,8%-ы болса дербестік пен есейгендікті растау қажеттігін атап көрсетті, өйткені олардың пікірінше, маңызды "ересек" әлеуметтік мәселелермен жұмыс жасау қоғамға өзінің жетілгендігін, өзіндік ерекшелігін, тәуелсіздігін көрсетуге мүмкіндік береді деп санайды. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың кейбірі, яғни іріктеменің 1%-ын құрайтын білімгерлер өз жауаптарында волонтерлік қызметке тән «ресурстық мүмкіндіктер» деп аталатын нәрселер қызықтырытындығын көрсетті. Яғни, арнайы киімдер мен (футболка, бейсболка) өнімдер (қаламдар, блокноттар, папкалар), сонымен қатар кәдесыйлық, жолдама, тегін курстардан өту, сертификаттарды алу мүмкіндігі және т. б.

Дегенмен тұлға іс-әрекетте қалыптасады және студенттік жастағы әлеуметтік маңызды іс-әрекеттің сипаты болашақ маманның дүниетанымын, оның өзіне және басқа адамдарға, еңбекке, әлемге деген көзқарасын анықтайды. Бірлескен әлеуметтік маңызды іс-әрекетте әлеуметтік жауапты мінез-құлық және, типтік емес жағдайларда өзін-өзі бақылау дағдылары қалыптасады және жобалау, аналитикалық, коммуникативті дағдылар дамиды.

Осылайша, волонтерлік әртүрлі санаттағы адамдарға ерікті және риясыз көмек көрсете отырып, әлеуметтік қызмет көрсету мүмкіндігі ретінде әрекет етеді. Волонтерлік қызметтің мотивтері адамның әлеуметтік және рухани қажеттіліктерімен анықталады, әдетте, бұл материалдық қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты емес. Волонтерлік қызметте жас адам тұлға болып қалыптасады және дамиды. Волонтерлік қызметте адам өзін сипаттайтын және өзінің даму перспективаларын белгілейтін идеяларды, мақсаттар мен құндылықтарды қалыптастырады. Волонтерлік жұмысқа, әдетте, әлеуметтік, рухани-адамгершілік дамуының қажетті және жеткілікті жоғары деңгейі бар адамдар қатысады. Сонымен қатар, волонтерлік жұмыс студенттердің – болашақ мамандардың әлеуметтік маңызды жеке қасиеттерін қалыптастыру факторы бола алады, яғни болашақта және қазіргі кездегі заманауи қоғамның дамуы олардың кәсіби қызметіне байланысты [12].

Педагогикалық бейіндегі мамандар үшін волонтерлік жобаларға қатысу және жетекшілік ету тәжірибесінің болуы ерекше маңызды. "Педагогика және психология" бағыты бойынша бітірушілер үшін оқушының әлеуметтік құнды іс-әрекетін әзірлеуге және оны іске асыруға, әлеуметтік бастамаларды, әлеуметтік жобаларды дамытуға қатысу қабілеті жоғары оқу орнында студенттерді даярлау процесінде қалыптасатын негізгі кәсіби құзыреттілік ретінде әрекет етеді. Сонымен, болашақ педагог-психологтар білім беру мекемесінде қауіпсіз және жайлы орта құруға дайын болуы керек [13]. Алайда, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының түлектерінің басым көпшілігі өздерін болашақ кәсіби қызметтің осы бағытына өздерін тек ішінара дайын деп санайтындығын көрсетеді.

Осыған байланысты біз "Волонтерлік қызмет қауіпсіз және салауатты ортаны қамтамасыз ету құралы ретінде" атты арнайы курс бағдарламасын әзірледік (1-кесте). Бұл арнайы курс студенттерде туындайтын көптеген сұрақтарды ашады, өйткені курстың мазмұны қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету ерекшеліктерін, жалпы орта білім беру жағдайында

оны қамтамасыз етудің жолдары мен құралдарын анықтайды. Балалардың ересектермен және білім беру процесінің басқа да субъектілерімен қарым-қатынасын реттейді, болашақ педагог-психологтардың волонтерлік қозғалыс саласындағы құзыреттерін жетілдіру қажеттілігін, оқушы жастарды салауатты өмір салтына баулу тұрғысынан волонтерлік қызметтің ерекшеліктерін дәлелдейді, сонымен қатар топта жұмыс істеу, өз пікірін ұжымның пікірімен ұштастыра білу қабілеттерін дамытады, тимбилдинг (топ құру) және жанжалды жағдайлардың алдын алу дағдыларын қалыптастырады.

1-кесте "Волонтерлік қызмет қауіпсіз және салауатты ортаны қамтамасыз ету құралы ретінде" атты арнайы курсының мазмұны

№	Тақырыптар мен модульдердің атауы	Практикалық сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Тәжірибе	ОБСӨЖ	СӨЖ
1	Жеке тұлғаның психологиялық денсаулығы, қауіпсіз білім беру ортасын құрудың мақсаты мен міндеттері	Балалардың денсаулығының мектепте бұзылу себептері	1	2	3	3
2	Денсаулық сақтау ортасы ұғымы және оның тұлғаның психологиялық денсаулығын қамтамасыз етудегі рөлі	Қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын құрудың мақсаты мен міндеттері	1	2	3	3
3	Білім беру ортасының қауіпсіздігіне әсер ететін факторлардың түрлері.	Оқушылардың психологиялық денсаулығын дамыту жолдары мен тәсілдері	1	2	3	3
4	Қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету бойынша ғалымдардың зерттеулері	Өмірлік қиын жағдайдағы жасөспірімдердің мінез-құлық үлгілері	1	2	3	3
5	Мектеп оқушыларының денсаулығы мен білім беру ортасының қауіпсіздігін диагностикалау.	Білім беру ортасының қауіпсіздігін сараптау	1	2	3	3
6	Мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті процесінде қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету технологиялары	Денсаулық сақтау технологиялары: түрлері, ерекшеліктері және сипаттамалары	1	2	3	3
7	Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарында қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету технологиясын қолдану	Білім беру ортасындағы оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтылу көрсеткіштері	1	2	3	3
8	Мектеп оқушыларының бос уақытының құрылымы және бос уақытын ұйымдастыру	Мектеп оқушыларының бос уақытын ұйымдастырудың ерекшеліктері	1	2	3	3

9	Өмірлік қиын жағдайда оқушыларға профилактикалық көмек көрсетудің негізгі принциптері	Волонтерлік бағдарламалар мен жобалардың бағыттары, оларды іске асыру	1	2	3	3
10	Мектепте қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу	Мектеп тәжірибесіндегі волонтерлік қызметтің психологиялық механизмдері	1	2	3	3
11	Қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету шеңберінде білім беру процесі субъектілерінің өзара әрекеттесу моделі	Білім беру ортасының субъектілерінің өзара әрекеттесу моделінің типологиясы	1	2	3	3
12	Қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету бойынша волонтерлік қызметті жобалау	Тұлғааралық қарым-қатынастың бұзылуының алдын алу	1	2	3	3
13	Мектеп оқушыларына тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру	Білім беру ұйымында волонтерлік қызметті дамыту технологиялары	1	2	3	3
14	Инклюзивті білім беру жағдайында қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз ету ерекшеліктері.	Жалпы білім беретін мектептердегі ерекше қажеттілігі бар балалардың психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету шарттары	1	2	3	3
15	Инклюзивті балалардың қауіпсіздігі мен психологиялық денсаулығына мониторинг ұйымдастыру	Жалпы білім беретін мектептегі инклюзивті балалардың диагностикасы және мониторингі	1	2	3	3
	Барлығы		15	30	45	45

Болашақ педагог-психологтарды даярлау ақпараттандырудың, тиімділіктің, тереңдіктің, білімнің саналылығының оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге, зерттелетін проблема саласында өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандыруға бағытталуы тиіс деп санаймыз, бұл оқыту құралдарының кең таңдауымен қамтамасыз етіледі.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби қалыптасу үдерісін оңтайландыру үшін тұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың жалпы әдістерінің жүйесін дайындық әдістері ретінде қолданған жөн деп санаймыз: *ақпараттандыру-дамыту* әдістер тобын құрайтын: дәрістер, бейне фильмдерін демонстрациялау, мультимедиялық құралдарды пайдалану, білім алушының өздік жұмысы; *мәселелік-ізденіс* әдістер тобына жататын: пікірталас, жобалау іс әрекет пен оның нәтижесін талқылауы, зерделеу әрекетін қамтитын тапсырмалар, кейс стади; *креативтілік-өнімдік* әдістер тобын құрайтын: вариативтік тапсырмалар, түрлі жағдаяттарды талқылау, рөлдік ойындар.

Жалпы алғанда, ұсынылған арнайы курс басқа психологиялық-педагогикалық пәндермен тығыз байланыста жүзеге асыруды талап етеді, сонымен бірге студенттердің волонтерлік қызметке, аталмыш іс-әрекеттің дағдылардың қалыптасуы, оның қауіпсіз және денсаулық сақтау ортасын қамтамасыз етуге зерттелетін кәсіби дайындығын дамытудың логикалық жалғасы болып табылады, ол педагогикалық пәндерді оқыту шеңберінде бірінші курстан төртінші курсқа

дейін кезең-кезеңімен педагогикалық іс-тәжірибеде және аудиториядан тыс жұмыста жүзеге асырылуы тиіс; волонтерлік қызмет тұрғысынан проективті мен диагностикалық дағдыларды, сондай-ақ студенттердің жалпы орта білім беру жүйесіндегі денсаулық сақтау ортасының жай-күйін басқару құзыреттілігін жалпылауға ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ. Волонтерлік қызмет- бұл қызметтің кең ауқымын, соның ішінде өзара көмек пен өзі-өзіне көмек көрсетудің дәстүрлі нысандарын, ресми қызмет көрсетуді және жалпы қоғамның игілігі үшін ерікті түрде жүзеге асырылатын азаматтық қатысудың басқа да нысандарын білдіреді. Бүгінгі еріктілер - өмірлік және әлеуметтік тәжірибені, кәсіптік қызмет саласында білім, дағдылар мен таңдаған мамандығы аясында тәжірибені меңгеру үшін қалыптастыратын тұлғалар екенін ескеру қажет. Сонымен қатар, волонтерлік қызмет жастардың нақты жұмысқа орналасуына ықпал етіп, дәл осы волонтерлік қызмет оларға өз қабілеттері мен құзыреттерін сынауға, өзін жақсы жағынан көрсетуге мүмкіндік беретін сынақ алаңының түрі болып табылады.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеулер волонтерлік қызметтің сипаты еліміздің әр аймағында өзіндік ерекшеліктерге ие екендігін, жастардың волонтерлік қозғалысқа белсенді қатысуына әлеуметтік-мәдени, экономикалық, тарихи және басқа да факторлардың алуан түрлілігі әсер ететіндігін дәлелдейді, бұл оны ұйымдастыру және жүзеге асыру процесінде осы қызметтің ерекшелігін ескеруді талап етеді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының бағдарламаларында білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін және салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге, волонтерлік қызметті ұйымдастыру мәселелеріне, сондай-ақ, университеттің оқу үдерісі субъектілерінің нақты қажеттілігіне арналған арнайы пәндердің жоқтығын ескере отырып. болашақ педагог – психолог мамандары мен педагогикалық ұжым, студенттік өзін-өзі басқару белсенділері мен жастар ұйымдары арасында арнайы дайындық жұмыстарын жүргізу үшін болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды көздейтін арнайы курс бағдарламасын әзірледік.

Педагог-психологтың қауіпсіз және денсаулықты сақтайтын білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі волонтерлік қызметке дайындығын қалыптастыру процесі осы процесті ұйымдастырудың нысандары мен әдістерінің бірлігінде негізгі педагогикалық жағдайларды есепке алу негізінде студенттерді даярлаудың кезеңдік жүйесін болжайды: жоғары оқу орындағы барлық процестердің (оқу, тәрбие, ғылым, қосымша білім беру, аудиториядан тыс жұмыстар, студенттік өзін-өзі басқару) мүмкіндіктерін пайдалану; педагог-психологтардың білім бағдарламасына жеке тұлғаның психологиялық қауіпсіздігін және денсаулық сақтау технологияларын қамтамасыз ету бойынша арнайы курстарды енгізу; студенттерді педагог-психолог қызметіне барабар тәжірибелік іс-әрекеттің озық тәжірибесіне қосу; ЖОО оқытушыларының кәсіби даярлық процесінде студенттердің еріктілік қызметке дайындығын қалыптастыруға бағытталуы.

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғарғы білім министрлігі қаржыландыратын АР19679648 «Жаңа Қазақстан жастарын салауатты өмір салтына бейімдейтін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге волонтерлік іс-әрекетті ұйымдастыру» атты ғылыми жобасы аясында жүргізілген зерттеу материалдары негізінде дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» (2022)// https://www-inform-kz.translate.google/kz/adiletiti-memleket-birtutas-ult-berekeli-kogam-prezident-zholdauynyn-tolyk-matini_a3973494

2 Намазбаева Ж.И., Садыкова А.Б. Научно-практические основы психологического обеспечения современного образовательного процесса. – Алматы: Ұлағат, 2014 – 172 с.

3 Безопасная образовательная среда: психолого-педагогические основы формирования, сопровождения и оценки / Под ред. И.А.Баевой. - СПб.: ЛОИРО, 2014.-269с.

4 Ахтаева Н.С., Балғымбаева З.М. Білім берудегі практикалық психология.-Алматы: Қазақ университеті, 2013.-232б.

5. Suleymanova G.K., Pulatova G.Sh. *Problems of development of culture of healthy lifestyle of students in the educational space* <https://www.elibrary.ru/contents.asp?issueid=1443376>

6. Чиркина С.Е., Ахмеров Р.А., Бажин К.С., Царева Е.В. Основы формирования психологически безопасной образовательной среды: учебно-методическое пособие. Казань: Бриг., 2015.-136 с.

7. Аналитический доклад о волонтерстве в Республике Казахстан в 2021 году. По результатам работы сети фронт-офисов волонтеров.Нур-Султан, 2021// https://qazvolunteer.kz/uploads/0e/75/Analiticheskiy_doklad_po_volonyotrstvu_v_RK_2021.pdf

8 Безопасность образовательной среды: психологическая оценка и сопровождение: Сборник научных статей / Под ред. И.А. Баевой, О.В. Выхристюк, Л.А. Гаязовой, — М.: МГППУ, 2013. - 304 с.

9 Tusseyev M., Turybayeva J., Ibragim K., Gurbanova A., Nazarova G. *Ensuring the safety of learning and teaching environments// World Journal on Educational Technology: Current Issues.- Vol.13, Issue 4, Cyprus: Science Park Research Organization & Counselling, 2021, P. 1029-1039 DOI: <https://doi.org/10.18844/wjet.v13i4.6299>*

10. Рымханова А.Р., Сюй-фу-шин Н.В. Волонтерская деятельность студентов как средство развития инклюзивного образования//Международный журнал экспериментального образования.-2020.-№3.-С.37-41.

11 Айдалалиева Н.А., Ли Е.Н., Жандауова Ш.Е. Волонтерство как фактор развития гражданского самосознания студентов//Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». - 2020. - №2 (66). - С.154-160.

12 Бородаева Г.Г., Руднева И.А. Волонтерская деятельность как фактор формирования личности студента.//Современные проблемы науки и образования.–2014.–№4.; [URL:https://science-education.ru/ru/article/view?id=14037](https://science-education.ru/ru/article/view?id=14037) (дата обращения: 16.11.2022).

13 Тусеев М.Ө.,Торыбаева Ж.З., Собкин В.С. Білімдік ортаның психологиялық қауіпсіздігі маңызды педагогикалық мәселе ретінде// Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы. - 2022. - №3. - Б.349-357.

References:

1 Memleket bassısı Q.K.Toqaevtiñ Qazaqstan xalqına Joldawı «Ädiletli memleket. Birtutas ult. Berekelı qoғam» (2022)// https://www-inform-kz.translate.google/kz/adiletli-memleket-birtutas-ult-berekeli-kogam-prezident-zholdauynyn-tolyk-matini_a3973494

2 Namazbayeva ZH.I., Sadykova A.B. Nauchno-prakticheskiye osnovy psikhologicheskogo obespecheniya sovremennogo obrazovatel'nogo protsessa. – Алматы: Ұлағат, 2014 – 172 s.

3 Bezopasnaya obrazovatel'naya sreda: psikhologo-pedagogicheskiye osnovy formirovaniya, soprovozhdeniya i otsenki / Pod red. I.A.Bayevoy. - SPb.:LOIRO, 2014.-269s.

4 Akhtayeva N.S., Balğymbayeva Z.M. Bilim berudegi praktikalyk, psikhologiya.-Almaty: Kazak, universiteti, 2013.-232b.

5 Suleymanova G.K., Pulatova G.Sh. Problems of development of culture of healthy lifestyle of students in the educational space <https://www.elibrary.ru/contents.asp?issueid=1443376>

6.Çirkina S.E., Axmerov R.A., Bajin K.S., Careva E.V. Osnovi formirovaniya psixologičeski bezopasnoj obrazovatel'noy sredi: wçebno-metodiçeskoe posobie. Kazan: Briğ., 2015.-136s.

7 2021 jilgi Qazaqstan Respwblıkasındağı volonterlik qızmet twralı taldamalıq esep. Nur-Sultan, 2021// https://qazvolunteer.kz/uploads/0e/75/Analiticheskiy_doklad_po_volonyotrstvu_v_RK_2021.pdf Eriktiler front-ofisi jelisiniñ jumusiniñ nätiжелeri boyınşa.

8 *Bezopasnost obrazovatelnoy sredi: psixologičeskaya ocenka i soprovojenie: Sbornik naučnix statey / Pod red. İ.A. Baevoy, O.V. Vixristyuk, L.A. Gayazovoy, — M.: MGPPW, 2013. - 304 s.*

9 *Tusseyev M., Torybayeva J., Ibragim K., Gurbanova A., Nazarova G. Ensuring the safety of learning and teaching environments// World Journal on Educational Technology: Current Issues.- Vol.13, Issue 4, Cyprus: Science Park Research Organization & Counselling, 2021, P. 1029-1039 DOI: <https://doi.org/10.18844/wjet.v13i4.6299>*

10. *Rımxanova A.R., Syuy-fw-şın N.V. Volonterskaya deyatelnost stwudentov kak sredstvo razvitiya inklyuzivnogo obrazovaniya//Mejdwnarodny jwrnal éksperimentalnogo obrazovaniya. - 2020. - №3. - S.37-41.*

11 *Aydanalieva N.A., Li E.N., Jandawova Ş.E. Volonterstvo kak faktor razvitiya grajdanskogo samosoznaniya stwudentov//Vestnik KazNPW imeni Abaya, seriya «Pedagogičeskie nauki». - 2020. - №2 (66). - S.154-160.*

12 *Borodaeva G.G., Rwdneva İ.A. Volonterlik qızmet stwudent tulğasin qalıptastırw faktori retinde.//Ğilim men bilimniñ zamanawı mäseleleri.–2014.–No 4.; URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=14037>.*

13 *Tüseev M.Ö., Torıbaeva J.Z., Sobkin V.S. Bilimdik ortanıñ psixologiya qawizimizdi pedagogika mäselinde// Torayğirov atındağı Xabarşı wniwersiteti, Pedagogikalıq seriya.-2022.-№3-B.349-357.*